

приглашенных были взрослые, дети, пожилые, городское и сельское население, представители разных национальностей, казахстанская эстрада: Роза Рымбаева, Кайрат Нуртас, новая молодежная группа 91; смысл рекламы заключается в том, что мы все разные, у нас могут быть свои интересы и предпочтения, однако это не мешает нам жить вместе, даже наоборот сплачивает, и делает нас разносторонними и интересными людьми.

В завершение работы, хочу отметить что социальная реклама является мощным инструментом государства в реализации социальной политики. Использование социальной рекламы в различных проектах способствует повышению нравственных устоев человечества, повышению чувства единства и солидарности в сохранении сложившейся системы ценностей, значимых для людей. Совершенствование социальной рекламы будет способствовать более успешному функционированию государства, обеспечению оптимального баланса экономических и социальных интересов общества.

#### Литература:

1. Ясавеев И. «Социальная проблема» в социологическом лексиконе // Наука социология. – 2006. – с. 101.
2. Богданова А. // Рекламодатель. – 2008. - №11.
3. Андросенко Н. Социальная реклама в Великобритании. – 2010.
4. Дерябин А.А. "Русский проект": конструирование национальной истории и идентичности. – 1998.
5. Алим Э. Социальная реклама в странах СНГ: опыт Казахстана. – 2013.

**Ильмеева Р.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті тарих факультеті, МО-27к тобы, студент  
(*Ғылыми жетекші – тарих магистрі, аға оқытушы Кенжеғали Ж.М.*)

### **ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ СУ-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТӘРТІБІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БҰҰ-НЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

Халықаралық қатынастар мемлекеттер, аймақтар және халықаралық ұйымдар арасындағы қарым-қатынастардың дамуын болжайды. Бұл Орталық Азия өңіріндегі су-энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне де қатысты. Аталған мәселе ірі халықаралық ұйымдар бастамалары негізінен қарастыруды қажет етеді, әсіресе осы саладағы БҰҰ-ның орны ерекше.

Әлемдік деңгейде су мәселесін шешу климаттың өзгеруіне байланысты қазіргі уақытта қиындап келеді. Бұл аймақ елдерінде басты қауіп-қатерлердің қатарына жататын мәселелердің бірі болып отыр. Климаттың өзгеруімен, осыған орай мұздық суларының еруі жер бетінің барылық аймақтарында аңғарылуда. Орталық Азия мемлекеттері де бұл сын-қатерлерді алдыңғы қатарға қойып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғ. жаһандық сын-қатерінің қатарына су тапшылығының орнын ерекше айқындап кеткен болатын [1].

Сонымен қатар, су ресурстарына әсер етуші сын-тегеурін ретінде климаттың өзгеруін тани отырып Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмон 2009 ж. Женевадағы Дүниежүзілік Метеорологиялық Ұйымның мерейтойлық кездесуінде және кейіннен Копенгагендегі климаттың өзгеруі бойынша Киото хаттамасындағы тараптардың кездесінде Мұздықтарды сақтау бойынша Халықаралық қор құру жөнінде сөз қозғаған болатын. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының қолдауына ие болған, 2003 Халықаралық тұщы су жылы, 2005-2015 жж. «Су-өмір үшін» халықаралық іс-әрекеттердің онжылдығы секілді Тәжікстан Республикасының су бастамалары әлемдік қауымдастықта талқылаулар мен талаптар, міндеткерліктерді жариялаудан қолданбалы шараларды жүзеге асыру қажеттігінің түсінігін

қалыптастырған болатын. Бұл өмір мен адамзат үшін қажетті халықаралық қауымдастықтың стратегиялық мақсаты болмақ [2, 5 б.].

1992 жылы Орталық Азия елдерінің бірқатары келісімге қол қойды. Ол бойынша барлық мемлекеттер су ресурстарын тең құқылы пайдалануға мүмкіндік алды, бірқатар ережелер бекітілді және мемлекетаралық су комиссиясы құрылды. 1995 ж. Нукус қаласында суды бөлу құқығы туралы және оның алдындағы ұсынылған стратегияны жеделдету. Су-энергетика консорциумын құру жобалары қаралды. 2003 ж. Арал мәселесі жөнінде және экологиялық жағдайын жақсарту туралы бағдарлама талқыланды. Бұл бағдарламалар бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Алайда, нақты нәтижелерге қол жеткізе алмады.

Су ресурстарын пайдалану күнделікті өмірдің құрамдас бөлігі болып табылады. Жер бетіндегі  $\frac{3}{4}$  бөлігі ауызсудан тұрады. Тірі ағзалар мен өсімдіктерде сулы ортаға бейімделген яғни биохимиялық физиологиялық үдерістер сулы ортада өтеді. Алайда сулы дұрыс пайдаланбау кері әсер етеді, яғни судың ластануы ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Суға әр түрлі химиялық қоспалардың төгілуі, мұнай қалдықтары және т.б. тірі ағзаларға кері әсерін тигізуі мүмкін. Су ресурстарын қорғау мақсатында әр түрлі халықаралық ұйымдар резолюциялар қабылдап реформалар жүргізеді. Соның ішінде 2013 ж. БҰҰ су ресурстары саласындағы дүниежүзілік ықпалдастық жылы деп жариялаған болатын. Осы жылы 26-31 тамыз күндері Стокгольмде БҰҰ қатысуымен дүниежүзілік су апталығы өтті.

Жоғарыда атап өткендей, 2016 ж. БҰҰ-ның «Су-өмір үшін» онжылдығын қорытындылау мақсатында Алматыда География институты «Орталық Азияның су-ресурстары және оларды пайдалану» тақырыбында халықаралық конференция ұйымдастырды. Конференция барысында климаттың өзгеруі, шөлейттену, мұздық суларының еруі, өңір елдерінің ауыл шаруашылығындағы су ресурстарының тапшылығы, су сапасының төмендеуі, судың мөлшерінен азаюы, осының салдарынан туындап отырған сынтееуріндер мен сын-қатерлердің алдын алу жөніндегі мәселелер талқыланды. Осы орайда Орталық Азиядағы су-энергетикалық қауіпсіздіктің тәртібінің қалыптасуында БҰҰ-ның қызметіне де баса назар аударылды. Аталмыш конференцияға БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (ЕЭК), ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдар мен Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Белоруссия, Сербия, Италия, Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Швейцария, Нидерланды, Франция, Қазақстан мамандарының қатысуы қазіргі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі су-энергетика саласы екенін айқындады. Аталған шаралар мемлекеттердің осы саладағы бірлескен диалогының басталғандығының айқын көрінісі болды [3, 90 б.].

2012 ж. БҰҰ су ресурстары жөнінде баяндама ұсынды. Осы баяндамаға сәйкес жер шарында 2025 ж. 5,5 млрд адам су тапшылығына ұшырайтынын мәлімдеді. Оклэндтегі (Калифорния, АҚШ) Тынық мұхиты институтының президенті Питер Глик «су ресурстары азайған сайын су соғысының туындау қаупі жоғарлайды, бұл тек мемлекеттер арасында ғана емес сонымен қатар әлеуметтік топтар арасында да болуы мүмкін» деген пікір білдірген. Сарапшылардың айтуынша су ресурстары үшін соғыс жер шарында ондаған жылдар бойы жүріп жатыр. Жер шарында су мәселесі жөнінде дау тудыратын жиырма нүкте айқындалып көрсетілген. Олардың қатарында Орталық Азия өңірі де кіріп отыр. Халықаралық сараптамалық топ сарапшылары (East - West Bridge Consulting) зерттеу жүргізді және зерттеу нәтижесінде келесі шешімге келді: суды тиімді пайдаланбаған жағдайда, әлемнің әр аймағында түрлі халықаралық шиеленістердің болуы мүмкін екенін мәлімдеді. Орталық Азия елдерінде су ресурстары біркелкі таралмаған және қазіргі нарық жағдайында су тауар ретінде қарастырылады [4].

Орталық Азия мемлекеттерінде өкілдіктері орналастырылған БҰҰ сынды бірлестіктердің іс-әрекеттері де маз емес. Олардың аймақта болуынан орталық-азиялық мемлекеттер арасындағы жинақталған су-энергетика саласындағы қарама-қайшылықтарды реттеуде жетістіктер байқалмайды. Су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі шынайы механизмдердің болмауы, кешенді экологиялық-экономикалық бағдарламаның

жоқтығы бұл ұйымның аймақтағы қызметін толық көрсетпейді. Су-энергетикалық қауіпсіздік жүйесін көп жағдайда Орталық Азия мемлекеттері көршілес мемлекеттермен бірлесе отырып реттеуді жөн көреді.

Дегенмен БҰҰ өз бағдарламалары шеңберінде осы іс-шараларды жүзеге асыру механизмдерін құруға кешен қалыптастыруға негіз болып отыр. Орталық Азиядағы су-энергетикалық қауіпсіздік тәртібін қалыптастырудағы БҰҰ ең маңызды бағыттарының бірі – жеткілікті дәрежеде сумен жабдықтау жүйесін құру болып табылады. Сұраныстың өсуімен байланысты су мәселесі қиындай түсуде, себебі, күнделікті тұрмыста, сауда жүйесінде, ауыл шаруашылық қызметінде су тапшы. Соңғы 50 жыл ішінде трансшекаралық суларға қатысты қақтығыстар жиі орын алды. Қазіргі уақытта мамандар су мәселесі жөнінде пікірталастарды шешу үшін БҰҰ секілді халықаралық ұйымдар шеңберінде әр түрлі механизмдер мен жаңа әдістерді ұсынуды қажеттігін айтады. Жаһандану процесінде бұл мәселе созылмалы сипат алып және оның дамуына әлемдік экономикалық дағдарыс та кері әсерін тигізді. Су ресурстары барлық уақытта орталық-азиялық аймақтағы негізгі әлеуметтік-экономикалық процестерді дамытуға көмек беріп келді. Орталық Азия елдеріндегі біріктірілген су қоры Сырдария мен Әмудария өзендерінің қамтитын бөгет арналары мен су қоймалары мемлекеттер үшін тиімді болып келеді [4].

Халықаралық тұщы су бассейндерін, трансшекаралық өзендерді қорғау бойынша бірқатар арналған. Осы құжаттар халықаралық саясатта үлкен маңызды рөл атқарды, ең бастысы экологиялық мәселелер және гидроресурстарды дұрыс пайдаланбау жайлы мәселелерді қозғайды. Халықаралық қауымдастықтың қолдауымен трансшекаралық су жөніндегі ең басты халықаралық келісім 1966 Хельсинкиде өтті. Хельсинкидегі Конвенция бойынша одан әрі дамыту мақсатында екі қосымша хаттама қабылданды. Біріншісі, 1999 ж. Лондондық және Киев хаттамалары трансшекаралық суға зиян келтіргені үшін азаматтық жауапкершілікке тарту және айыппұл салу жөнінде белгілеп кеткен болатын. Сондай ақ, БҰҰ су ресурстары жөніндегі конференциясы 1977 жылы болып өтті. БҰҰ шеңберінде 1981-1990 жж. аралығында Халықаралық ауыз сумен жабдықтау және санитария онжылдығы өтті.

Сонымен қатар БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының (ЕЭК) бастамасымен 1992 ж. Хельсинкиде трансшекаралық ағыстар мен халықаралық көлдерді қорғау мен пайдалану бойынша Конвенцияға (ЕСРUTW) қол қойылған болатын. Ол көп жағдайда экологиялық мәселелерге басты назар салып және аз деңгейде су ресурстарын басқару мәселелеріне көңіл аударады. Конвенцияға Қазақстан Республикасы 2003 ж., Өзбекстан Республикасы 2007 ж. мүшелігіне қосылды, ал Түркменстан Республикасы Парламенті 2012 ж. аталған конвенцияға кіруді мақұлдаған болатын, бірақ толыққанды қатысушы емес. Ал Қырғызстан мен Тәжікстан Республикалары конвенцияның мүшесі емес. Бұл өз алдына мемлекеттер арасында бірлескен шешімдер шығаруда кедергілер жасауда. Сонымен бірге, халықаралық қауымдастық энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне басты назар аударуда. Егерде кейбір мемлекеттерде су тапшылығы байқалатын болса ол қауіпті жағдайға алып келуі мүмкін. Мысалы, Арал теңізінің бас ағысы Қырғызстан аумағында орналасқан Сырдария - 80%, Тәжікстанда Амудария - 83%. Сырдария өзенінің жағдайы қазіргі күн тәртібіндегі күрделі мәселеге айналды. Газ бен мұнай қалдықтарының төгілуі себебінен қатты ластануға ұшырауда [5, 111 б.].

БҰҰ-ның Халықаралық табиғатты қорғау одағының (IUCN) Бүкіләлемдік экологиялық құқық кеңесінің (WCEL) сарапшысы, эколог Бақытжан Базарбектің пікірінше: «Осыны есептей отырып, 2013 жылдың қыркүйегінде БҰҰ-ның Бас Ассамблеясындағы Өзбекстан саясатының халықаралық конвенцияның нормаларына негізделгенін және көрші Орта Азия мемлекеттерінің су саясатының халықаралық құқық нормаларына қайшылығын айқындауы – қазіргі халықаралық қатынастардағы жалған стандарттардың қолданылуының айғағы болып табылады» [6].

2010 жылда БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун іс сапармен Ашхабад қаласында болды. Орталық Азия мәселелері бойынша сөз қозғалды. 2015 ж. ол Тәжікстандағы «Су өмір үшін» конференциясына қатысты және өзге де Орталық Азия мемлекеттеріне іс-сапарымен барған

болатын. БҰҰ ЕЭК қатысуымен жоғары деңгейдегі пікіралмасулар жүрген болатын, Орталық Азиядағы тұрақтылықты сақтау жөнінде, әр түрлі қауіп-қатердің алдын алу және өзге де мәселелер қарастырылды. 2009-2011 жж. аралығында БҰҰ-ның ЕЭК ұсынған «Өңірлік диалог және су ресурстары жөніндегі ынтымақтастық» бағдарламасын жүзеге асыру үшін Германия 2 млн АҚШ долларын бөлді. 2000 жылы Даму мақсатының он жылдығы атты БҰҰ саммиты өтті. Ол бойынша тұрақты даму үшін судың маңызы үлкен рөл атқаратыны жайлы сөз қозғалды. Сондай ақ, 2013 ж. тамыз айында Душанбе қаласында Тәжікстан Республикасы мен БҰҰ институттарының бірлесуімен су ынтымақтастығы бойынша конференция өтіп, су дипломатиясы бойынша Халықаралық орталық ашу секілді бастамалар айтылған болатын [7, 79 б.].

Қазақстан Республикасы осындай шаралардан тысқары қалмайды, мемлекет делегациялары ірі халықаралық конференцияларға, семинарларға және форумдарға тұрақты түрде қатысады. Сондай-ақ, Астана трансшекаралық су мәселесіне қатысы бар табиғатты қорғау жөніндегі бірнеше халықаралық конвенциялар мен келісімдердің қатысушысы болып табылады. Атап айтатын болсақ қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Трансшекаралық контекстте қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Конвенциясына, Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенцияға, Халықаралық маңызы бар су-батпақ алқаптары, ең алдымен суда жүретін құстардың мекендейтін жерлері туралы Конвенцияға қосылған. Трансшекаралық су ресурстары мәселесі бойынша БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы, Орталық Азия үшін алдын алу дипломатиясы жөніндегі БҰҰ-ның аймақтық орталығы, ЕҚЫҰ, Дүниежүзілік банкі, Еуразиялық даму банкі, ЭСКАТО және басқа халықаралық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнатылды. Бірлескен шекара болмаса да, Қазақстан Еуропалық Одақпен, АҚШ және басқа мемлекеттермен су ынтымақтастығы саласында белсенді жұмыстар жүргізуде.

Сондай-ақ, Орталық Азия аймағында бірлесен жобаларды жүзеге асыруға Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамы (GIZ), Швейцарияның даму және ынтымақтастық жөніндегі агенттігі (SDC), Су ресурстары жөніндегі халықаралық бюросы (IOW), Халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігі (USAID) және басқа елдердің үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдары консультациялық және донорлық көмек көрсетуде [8].

БҰҰ-ның қолдауымен Халықаралық гидрологиялық бағдарламасы құрылды. Бұл бағдарлама шеңберінде түрлі гидрологиялық жобалар мен халықаралық өзен бассейндерінің зерттеуге, су ресурстарын пайдалануға қатысты дауларды шешуге мүмкіншіліктер пайда болды. Сонымен қатар, Халықаралық гидрологиялық бағдарлама оқу-ағарту ісімен де айналысады, осы саланы қамтитын орталықтармен байланыстар орнатуда. Мысалы, Тегеранда орналасқан қалалық сумен жабдықтау, Халықаралық ғылыми-зерттеу және Қытайдағы эрозия және седиментациялау оқу орталықтары. БҰҰ қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы ЮНЕП әлемдегі су ресурстарының көлемінің азаюы, су сапасының төмендеуі мәселелерін қарастырады. Осы орайда БҰҰ қолдауымен құрылған ЮНЕП тұрақты дамуға экологиялық аспектілерді қадағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, біздің мақаланы жазу барысында қолданылған материалдар бойынша БҰҰ-ның Орталық Азиядағы су-энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты жүргізіп отырған шараларының жеткіліксіздігі мен оның назарынан тыс қалып отырған мәселелер бар екендігін аңғарамыз. Бұл мәселені қазіргі уақыттағы Орталық Азия мемлекеттерінің осы мәселені шешуге әскери жолмен емес БҰҰ кешенді экологиялық-экономикалық бағдарламасы шеңберінде қарастырған жөн деп ойлаймыз.

#### Әдебиет:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs)

2. Международная конференция высокого уровня по среднесрочному всеобъемлющему обзору хода выполнения Международного десятилетия действий «Вода для жизни», 2005-2015. // Под общей

редакцией Хамрохона Зарифи, Министра иностранных дел Республики Таджикистан. Душанбе: «Ирфон», 2010. - 352 с.

3. Кенжеғали Ж.М. Аймақтағы су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Орталық Азия мемлекеттерінің тактикасы. Қарағанды университетінің хабаршысы: Тарих. Философия сериясы. -2016. - №4 (84). – Б. 90-95.

4. Орлов Д. Водная проблема в Центральной Азии: ругань на палубе «Титаника» (I) // <http://www.ritm Eurasia.org/news>

5. Литуев В. Проблемы регулирования использования водных ресурсов // Обозреватель – Observer. – 2008. - №1. – С.111-117.

6. Базарбек Б. Трансшекаралық су мәселесі – мемлекеттердің өзара саясатына салқынын тигізуі мүмкін // Жас Алаш - №15 (16201) - 21 ақпан, сейсенбі 2017 ж // <http://zhasalash.kz/print/11533.html?type=news>

7. Макашева К.Н. Водная дипломатия и вопросы сотрудничества стран Центральной Азии // Сб. материалов междунар. науч.-практ. конф. «Водно-энергетические проблемы Центральной Азии и перспективы их решения. Алматы, 2013. – 160 стр.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Министірлігінің ресми сайты // <http://www.mfa.kz>

**Көрпетай А.Ж.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, ҚЖ-32 тобы, студент

*(Ғылыми жетекшісі - психология магистрі, шет тілі пәнінің аға оқытушысы Рахметуллина М. А)*

## XXI ҒАСЫР ІНДЕТІ ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК

Асығыс заманда ұялы телефон – уақытымызды үнемдейтін таптырмас көмекші. Алайда оны шектен тыс пайдалану тәуелділікке әкеліп соғуда. Қанша қолайлы әрі ыңғайлы болғанымен зияны бар екенін ұмытпаған абзал. Жалпы, ұялы телефондардың тарихы сонау ХІХ ғасырдан бастау алады. Дегенмен, оның пайда болуы бәрімізге қазірде беймәлім. Нақты тарихын білу өте қиын себебі әртүрлі мағұлмат келтіріледі. Өндіріле бастаған алғашқы телефонның салмағы 1,15 келіні құраса, ұялы телефонның салмағы 500 грамм болған. Бағасының өзі 4000\$. Сол уақытта бұндай сомма әрине біршама қымбат. Сондықтан осындай телефонды қалталы азаматтар, әскерилер мен ірі кәсіпкерлер, зиялы қауымдар қолдаған [1]. Ұялы телефон қазақ жеріне 90-жылдары тарала бастады. Сонымен қатар ғаламтор жүйесі де бір ізделіп қолға алынды. Ал, 2000 жылы қалта телефондар моделі жай, кнопкалы, көлемі шағын, ішіндегі функциясы түрлі-түсті не ақ қаралы болды. Қазір жаңа ғасыр, жаңа технология дамығаны сонша смартфон, гаджет, планшеттер кең қолданыста. Соның ішінде жастардың тілімен бренд ұялы телефон «Apple» компаниясының туындылары. Айфон, айпад бағасы кем дегенде 1000\$. Қазіргі таңда еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін тұтынады. Адам баласының жеке басында 2-3 телефоннан бар. Маңызды жұмыс, күрделі шаруаның өзі осы байланыс құралына тәуелді. Қоғамдық көлікте, көшеде, жиындар мен отырыста, концертте қолынан ұялы телефоны түспейтін адамдарды кездестіреміз. Тіпті ұйықтаған уақытта да жанымыздан табылады. Соған сәйкес ғаламтордың кең етек алуы да үлкен мәселе. Адамдардың алтын уақытын, жарты өмірі осы ұялы телефонмен өтіп жатыр. Бірақ біздер оны байқамаймыз. Жазылмайтын дерт тәрізді. Оның емін табу өте қиын. Интернет әрине, жақсы, кез келген қиын сұрақтарды, керекті ақпаратты бірер минутта тауып, біліп аласың. Дегенмен, оның қаншалықты шынайы, дәлелденгенін дөп басып айту қиын. Бұрынғыдай адамдар бір-бірімен ашылып, жақын, жиі кездесіп бетпе-бет сөйлеспейді. Себебі, тез хабарласу, хат алмасу, қашықтықтан сөйлесу «Вконтакте», «Инстаграм», «Whatsapp» әлеуметтік желілердің де үлесі зор. Барлық жерде «Wifi» желісі орнатылған. Сол желі арқылы радиация таралатынын көбісі білмейді. Ата-ананың уақыты болмай, баласы мазасызданса болды қолына планшет, смартфондарды бере салады. Ал оны бала не істейді, қайда кіріп, не көретінінен бейхабар. Тек жылауын тоқтатып, тынышталғанын қалайды. Мектеп жасындағы оқушылардың өзінде бір-бір қымбат ұялы телефон. Қауіпсіздік үшін